

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы  
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

## **Базалық (тірек) конспекттер**

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша

- 0701000 – «Геологиялық түсірім, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»  
0702000 – «Пайдалы қазба кенорындарын барлау техникасы және технологиясы»  
0703000 – «Гидрогеология және инженерлі геология»  
0704000- « Пайдалы қазба кенорындарын барлау және іздеудің геофизикалық әдістері»  
1514000 –«Экология және кенді пайдалану облысында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану»  
мамандықтарына арналған

Дайындаған оқытушы

Омарбекова Ж.С.

Әлеуметтік-экономикалық пән  
бірлестігінің отырысында қаралды

Хаттама № 4 дан « 4 » қы 2019ж.

ПБ төрағасы Жумадилов Б.Ш.



Семей қ.

Базалық (тірек) конспекттер 2018 жылы бекітілген оқыту жұмыс жоспарына және 2019 жылы бекітілген оқыту жұмыс бағдарламаларына сай құралған.

Қолдану үшін оқу бөлімімен ұсынылған.

ОЖ бойынша директор орынбасары  Минаева Н.Т.



Міндетті бақылау жұмыстарының саны - 1  
Қортынды бақылау - сынақ

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы  
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

## ***Базалық (тірек) конспектер***

**«Дүниежүзі тарихы»** пәні бойынша

**0701000** – «Геологиялық түсірім, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»

**0702000** – «Пайдалы қазба кенорындарын барлау техникасы және технологиясы»

**0703000** – «Гидрогеология және инженерлі геология»

**0704000**- «Пайдалы қазба кенорындарын барлау және іздеудің геофизикалық әдістері»

**1514000** – «Экология және кенді пайдалану облысында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану»

мамандықтарына арналған

Дайындаған оқытқышы

Омарбекова Ж.С.

Әлеуметтік-экономикалық пән  
бірлестігінің отырысында қаралды

Хаттама № \_\_ дан «\_\_» \_\_\_\_\_ 2019ж.

ПБ төрағасы Жумадилов Б.Ш.

Семей қ.

Базалық (тірек) конспекттер 2018 жылы бекітілген оқыту жұмыс жоспарына және 2019 жылы бекітілген оқыту жұмыс бағдарламаларына сай құралған.

Қолдану үшін оқу бөлімімен ұсынылған.

ОЖ бойынша директор орынбасары \_\_\_\_\_ Минаева Н.Т.

Міндетті бақылау жұмыстарының саны - 1

Қортынды бақылау - сынақ

## Мазмұны

№ р/с	Тараулар мен тақырыптардың атауы	Бет
	<b>I Бөлім. Әлемдік қауымдастық 1914-1939 жж.</b>	7-18
1	Бірінші дүниежүзілік соғыс (1914-1918 жж.)	4-7
2	Ресейдегі түбгейлі тарихи бетбұрыс	7-9
3	Дүниежүзі халықтарының ұлттық және әлеуметтік азаттық үшін күресі	9-12
4	КСРО-ны модернизациялаудың сталиндік жолы (1928-1938 жж.)	12-14
5	Соғыстан кейінгі жылдардағы Еуропа және 20 жж қалыпқа келуі. 1929-1933 жж.дағдарыс.	14-16
6	30-шы жылдардағы халықаралық қатынас. Экономикалық дағдарыс жылдарындағы халықаралық қайшылықтардың шиеленісуі.	16-18
	<b>II Бөлім. Әлемдік қауымдастық 1939-1945 жж.</b>	18-21
7	Екінші дүниежүзілік соғыс .	18-20
8	Ұлы Отан соғысы (1941-1945 жж.).	20-21
	<b>III Бөлім. 1945 жылдан бастап XXI ғасыр басына кезеңдегі әлемдік қауымдастық</b>	21-31
9	1945-1980 жылдардағы КСРО	21-22
10	Солтүстік Америка және батыс Еуропа елдері XX ғасырдың екінші жартысында	22-24
11	Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдері.	24-25
12	Азия және Африка елдері	25-27
13	Латын Америка елдері.	27-28
14	КСРО-дағы қайта құрылулар.	29-30
15	XX ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық қатынас. Қазіргі замандағы мәдениеттің дамуы. Қорытынды жалпылау.	30-31
16	Пайдаланылған әдебиеттер	32

## **I Бөлім. Әлемдік қауымдастық 1914-1939 жж.**

### **Тақырып №1: Бірінші дүниежүзілік соғыс (1914-1918 жж.)**

#### **Жоспар:**

- 1) Соғыстың шығу себептері мен мақсаты
- 2) 1914—1916 жылдардағы соғыс қимылдары. Верден шайқасы
- 3) АҚШ-тың 1917 жылғы соғысқа кірісуі.
- 4) Германия мен оның одақтастарының жеңілуі.
- 5) Соғыстың қорытындылары

#### **1. Соғыстың шығу себептері мен мақсаты.**

XX ғасырдың басында ірі еуропалық елдердің арасындағы империалистік қайшылықтар бір-бірімен ымыраға келмес екі ірі әскери одақтың құрылуына алып келді. Германия, Австро-Венгрия және Италия одағына қарсы 1907 жылы Ұлыбритания, Франция және Ресей мемлекеттері Антанта одағын құрды.

Ұлыбритания мен Франция Германияның Африкадағы отарларын және Таяу Шығыстағы Осман империясының жерін басып алуды көздеді. Патшалы Ресей жеңе қалған жағдайда Стамбұлды, Қара теңіз бұғаздарын, Галиция өңірін және Неман өзенінің бойындағы жерді өзіне қаратып алуды мақсат етті. Австро-Венгрия үкіметі Сербияны басып алып, бүкіл Балқан түбегінде және Адриат теңізінде өз үстемдігін орнатуға тырысты. Германияның қалағаны дүниежүзін өзінің пайдасына қайта бөлісу, Еуропа мен Таяу Шығыстың көптеген бөлігін бағындырып алу болды.

1914 жылы 28 маусымда Австро-Венгрия тағының мұрагері, эрцгерцог Франц Фердинанд Сараево қаласында қаза тапты. Осыған орай Германия императорының соғысқа итермелеуімен 28 шілдеде Австро-Венгрия Сербияға соғыс жариялады. Ресей үкіметі дереу жұмылдыру жұмыстарын бастады. Орыс армиясындағы мұндай әрекетке жауап ретінде тамыз айының басында Германия Ресейге, Францияға қарсы соғыс ашты. Ал Ұлыбритания, Жапония Германияға қарсы соғыс жариялады. Сөйтіп, Бірінші дүниежүзілік соғыс басталып кетті.

2. 1914—1916 жылдардағы соғыс қимылдары. 1914 жылы 4 тамызда неміс әскерлері “Шлиффен жоспары” бойынша Бельгия арқылы Францияның жеріне баса-көктеп кірді. Франция мен Ұлыбритания әскерлері немістердің басым күшіне төтеп бере алмай, шегінуге мәжбүр болды. Францияға көмек көрсету мақсатымен орыстың екі армиясы тамыздың ортасында Шығыс Пруссияға басып кірді. Бұл кезде Батыс майданда Марна өзенінің бойында қырғын шайқастар өтіп жатты. Марна шайқасы Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ең ірі шайқастардың бірі болды. Бұл шайқасқа екі жақтан 7 мыңнан астам зеңбірек қолданылып, 2 млн-нан астам жауынгер қатысты.

1914 жылғы шайқастар Антанта одағының артықшылығын айқындап берді. Германия әскерлері Марна алқабындағы шайқаста сәтсіздікке ұшыраса, Австро-Венгрия әскерлері Галиция мен Сербиядағы ұрыстарда жеңіліп қалды. Кавказ майданындағы шайқастарда Ресей әскерлері түріктерді талқандап, кері шегіндірді.

Үштік одаққа жақтас Италия соғыстың барысында Антанта елдерімен жақындасып, 1915 жылы мамырда Австро-Венгрияға соғыс жариялады. Италияның Германия жауларының жағына шығуы Антантаны біршама күшейтті.

1915 жылғы қазанда Болгария Антантаға қарсы соғыс жариялады. Сөйтіп, Германия, Австро-Венгрия, Түркия және Болгариядан тұратын Төрттік одақ құрылды. 1916 жылы соғыс қимылдары Батыс майданға ауысты.

Ақпан айында Германия армиясы Францияға қарсы — Верден қамалына шабуыл бастады. Жаудың қарсылығын жеңу үшін немістер оқ-дәріні аяған жоқ. Верден бекінісіне 2 млн снаряд атқыланды. Селолар жермен-жексен болды. Верден түбіндегі ұрыс кезінде Франция Ресейден көмек сұрады. Генерал А. А. Брусиллов бастаған орыс армиясы 450 шақырымға созылған майданда шабуылға шығып, Австро-Венгрия әскерін талқандап, Галиция мен Буковинаны қайтарып алды. Неміс әскері негізгі күшін Шығысқа жұмсап, Верден түбіндегі шабуылын бәсеңдетуге мәжбүр болды. 1916 жылдың шілдесі мен қараша айларының аралығында жүрген Сомма шайқасы екі

жақты да орасан шығынға ұшыратты. Сомма шайқасында ағылшындар мен француздар тарихта тұңғыш рет танкілерді қолданды.

**3.** АҚШ-тың 1917 жылғы соғысқа кірісуі. АҚШ капиталистері белгілі бір кезеңге дейін соғысқа кіріспей, кідіре тұруды дұрыс көрді. Соғыс кезінде олар орасан зор пайда тапты. Бірақ АҚШ үкіметі дүниежүзіне Германияның үстемдік орнатуын қаламады.

АҚШ 1917 жылғы 6 сәуірде Германияға соғыс жариялады. Келесі жылдың басында Батыс Еуропа майдандарында 2 млн-нан астам АҚШ солдаттары соғысты. АҚШ-тың соғысқа қосылуы Антанта блогын күшейтіп, жеңіс қай жақта болатынын біржолата айқындады.

**4.** Германия мен оның одақтастарының жеңілуі. Соғыстың аяқталуы. 1918 жылғы наурыз — шілде айларындағы неміс шабуылдары сәтсіз болды. АҚШ-тың әскери көмегіне сүйенген Англия мен Франция 1918 жылы тамыз айында Аррас маңында шабуылға шықты. Бір күннің ішінде Антанта әскерлері немістердің майдан шебін бұзып, 16 дивизиясын талқандап, ірі табысқа жетті. Осы кезден бастап Антанта одағының жаппай шабуылы жалғасты. Неміс әскерлері шегінуге мәжбүр болды. 1918 жылдың қыркүйек айынан бастап Болгария —Түркия — Австро-Венгрия мемлекеттері уақытша бітімге қол қойып, жеңілгендіктерін мойындады. 1918 жылы 11 қарашада Компьен орманында Германия мен Антанта мемлекеттері арасында уақытша бітімге қол қойылды. Соғыс қимылдары тоқтатылды. Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталды.

**5.** Соғыстың қорытындылары. Бірінші дүниежүзілік соғыс XX ғасырдың бірінші жартысындағы ең ірі оқиға болды. Ауқымы жағынан мұндай соғыс адамзат қоғамының өткен тарихында болмаған еді. Соғысқа 38 мемлекет қатысып, екі әскери одақтың әскер қатарына 74 млн адам шақырылды.

Соғыс барысында жаңа әскери техника түрлері қолданылды. Танкілер, ұшақтар, дирижабль, радиобайланыс бөлімшелері өмірге келді. Орасан зор материалдық және адам шығындары болды. Соғыс тудырған революциялар



дүмпуінен Романовтар, Габсбургтер, Гогенцоллерндер, Осман империялары кирады, отаршыл державалардың тірегі әлсірей бастады. Тарихи аренаға Кеңестік Ресей, Финляндия, Польша, Венгрия, Чехословакия, Югославия, Балтық жағалауы аймағындағы жаңадан құрылған жас мемлекеттер шықты.

### **Бақылау сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептері қандай?
2. Бірінші дүниежүзілік соғыстың ең ірі атыс-шабыстарын ата
3. Германияның «Шлиффен жоспарын» неге жүзеге асыру сәтті болмаған?
4. АҚШ соғысқа қашан қосылды?
5. Неге Ресей ең ауыр шығындарды осы соғыстан алды?

**Тақырып №2:** Ресейдегі түбгейлі тарихи бетбұрыс, Ақпан және Қазан революциялар.

Жоспар:

- 1) **Ресейдегі 1917 жылдағы Ақпандық революциясы. Қос үкімет.**
- 2) **Қазан төңкерісі.**
- 3) **Азаматтық соғыс пен шетелдік басқыншылық.**

1. Ақпан көтерілісі - 1917 жылғы 27 ақпанда Ресей империясында патша үкіметін құлатып, елде буржуазиялық-демократиялық республика орнатқан төңкеріс. Ақпан көтерілісінің жеңісінің ең маңызды нәтижесі бұрынғы Ресей империясы аумағында кең көлемде саяси бостандықтар орын алып, бүкіл қоғамдық өмірдің демократиялануы болды. Бүкіл аймақта буржуазиялық мәндегі бостандықтар (саяси ұйым құру, сөз, баспасөз т.б.) жүзеге асырыла бастады, жасырын түрдегі партиялар жариялық жағдайға шықты, жаңа партиялар мен басқа да саяси ұйымдар құруға рұқсат етілді. Ақпан көтерілісі монархияны құлатқанымен жер-жердегі ескі басқару аппаратын түбегейлі жоя алмады. Жер-жерлерде буржуазияшыл Уақытша үкіметтің органдарымен қатар орталықта Петроград кеңесі басқарған жұмысшы, солдат және шаруалар Кеңестері құрылды.

Кейінірек, Кеңестер жаппай құрылып, Уақытша үкіметке ашық қарсы шыға бастады. Ақырында Ақпан көтерілісінен басталған саяси тұрақсыздық Қазан революциясына ұласып, Уақытша үкімет биліктен тайдырылды.

Қазан төңкерісі — 1917 ж. 25 қазанда (қарашаның 7) Петроградта болған ірі әлеуметтік-саяси, тарихи оқиға. Көтеріліс В. И. Ленин басқарған большевиктер партиясының жетекшілігімен жүзеге асырылды.

Оған Петроград жұмысшылары, қала гарнизонының солдаттары мен Балтық флоты матростарының өкілдері қатынасты. Көтеріліс жеңіске жеткен күні кешкісін Петроградта ашылған Кеңестердің Бүкілресейлік ІІ съезі Уақытша үкіметтің құлатылғандығын және бүкіл елдегі өкімет билігі Кеңестердің қолына көшкендігін жарияланды. Кеңес үкіметі көп ұлтты Ресей еңбекшілерін өз жағына тартуда біршама насихаттар жүргізді. Олар Зауыттар мен фабрикалар жұмысшыларға!, Жер шаруаларға!, Теңдік бұрынғы езілген ұлттарға! деген ұрандарды үзбей қайталаумен болды. Осы уәделер мен ұрандарға әуел баста бұқараның айтарлықтай бөлігі, ең алдымен, қоғамның жаппай кедейленген мүшелері сенді, сондықтан олардың өкілдері Кеңес өкіметін орнату үшін күреске қатысты.

**2.** Қазан төңкерісі елді экономикалық және саяси дағдарыстан шығуға жол ашты. В.И.Ленин бастаған большевиктер партиясы осы дағдарыстан шығудың дара жолы – Ресейдің империалистік соғысты тоқтатып, бейбіт өмірге көшу деп білді. Сондықтан Ресей ең бірінші болып бірінші дүниежүзілік соғыстан шығады. Кеңес өкіметі Қазақстанда да орнай бастады. 1917 жылы қазаннан 1918 жылы наурызға дейін Қазақстанның көптеген аудандарында Кеңес өкіметі орнады. Кеңес өкіметінің орнаған алғашқы жері Перовск (Қызылорда) қаласы болды.

**3.** Қазан төңкерісінен кейін көп уақыт өтпей-ақ елде азамат соғысы мен шетел басқыншылығының жорығы басталды. Себебі төңкерістің жеңісі құлатылған қанаушы тап өкілдерінің қарсылығын тудырды. 1918 жылы 23 наурызда Орал қазақ-орыстары Гурьевте бүлік шығарды. Сол жылдың 28-29 наурызында ақ казактар алашордашылармен бірігіп Орал қаласында төңкеріс

жасады. Ресейдегі азамат соғысының өрістеуіне Антанта елдері дем берді де, олардың көмегімен Сібірдегі Чехословак корпусының әскерлері бүлік шығарды. 1918 жылы жазында Кеңес елі үшін ең басты майдан – Шығыс майданы болды. Бұл бағытта ақтармен 4-ші армия ұрыс жүргізді. Осы жылдың жазында қазақ ұлттық әскери бөлімдер ұйымдаса бастады. 1919 жылы көктемде Фрунзе бастаған қызыл әскер отрядтары Қазақстанның Солтүстік аудандарында Колчак әскерлеріне қарсы күрес жүргізді. Қазақстанда Колчактың тәртібіне қарсы ірі көтеріліс Қостанай уезінде болды. 1918 жылы тамыз және 1919 жылы қазанның орта кезіне дейін ақ гвардияшыларға қарсы табанды күрес жүргізілді. 1920 жылы наурызда азамат соғысының Қазақстандағы ең соңғы Солтүстік майданы жабылады. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Қазақстанда экономиканы қалпына келтіру, мемлекеттік құрылысты нығайту жұмыстары жүргізілді. Сол жылдары алғашқы ауыл шаруашылық артельдері, коммуналар, совхоздар пайда болды. 1920 жылы аяғында 999 колхоз, оның ішінде 132 коммуна, 778 артель, жерді бірлесіп өндейтін 28 серіктестік (ТОЗ) құрылды.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Екілік басқарушылық маңызын түсіндір.
2. Қазан революциясының себебін түсіндір.
3. Ресейдегі азаматтық соғыс пен шетелдік интервенцияның себебін аш.
4. КазКСР қашан құрылды?
5. ЖЭС-тің өткізілу себебі не болды

**Тақырып №3:** Дүниежүзі халықтарының ұлттық және әлеуметтік азаттық үшін күресі

#### **Жоспар:**

1. Синьхай революциясы
  2. Түркиядағы Ұлт – азаттық қозғалыс (1918 – 1923ж.ж.)
1. Синьхай революциясы (1911 — 13), Қытайдағы монархиялық билікке қарсы бағытталған 19 ғасырдың аяғында Қытайдың

шетелдіктерге жартылай отар ел болуы Синьхай революциясының шығуына себеп болды. Көтеріліс Қытайдың ай календары бойынша синьхай айында басталды. 1911 жылы 10 қазанда Хубэй провинциясының әкімшілік орталығы Учан қаласында әскери бөлімдер көтеріліс жасады. 11 қазанда Учанда республикалық басқару енгізіліп, Хубэй провинциясында әскери үкімет құрылды. Шет мемлекеттердің қарсылығын тудырмау мақсатында оларға Цин үкіметі кезінде қол жеткізілген “ерекше құқықтарын” сақтауға кепілдік берілді. 18 қазанда батыс державалары “бейтарап” саясат ұстанатындықтарын жариялады. Хубэйдің ізінше басқа провинцияларда да көтерілістер болып, қаршаның аяғында Оңтүстік, Орталық, Солтүстік Қытайдың 15 провинциясында Цин әулетінің үстемдігі құлатылды. Революция қозғалыс Қытайдың ұлттық аймақтары Сыртқы Моңғолия, Шыңжаң және Тибетті де қамтыды. Цин үкіметі Солтүстік армияның қолбасшысы Юань Шикайға оңтүстікке қарсы соғыс қимылдарын жүргізуді тапсырды. 1911 жылы 29 желтоқсанда провинциялар өкілдерінің жиналысы Сунь Ятсенді Қытай Республикасының уақытша президенті етіп сайлады. 1912 жылы 12 ақпанда Цин әулетінің соңғы императоры Пу И тақтан бас тартып, елді басқаруды Юань Шикайға берді. Ятсен президенттіктен бас тартатындығын мәлімдеді. Жаңа үкіметтің құрамы Юань Шикай жақтастарынан белгіленді. Осыны пайдаланған ол өзінің жеке диктатуралық тәртібін құруға тырысты. 1912 жылы тамызда жаңа саяси Гоминдан (Ұлттық партия) партиясы құрылды. Осы жылдың аяғында болған сайлауда Гоминдан парламентте көп орынға ие болғанымен олардың билікке араласуына Юань Шикай өкіметі мүмкіндік бермеді. Жаңа өкімет жер-жерде жазалау шараларын жүргізді. 1913 жылдың жазында Жапонияда жүрген Сунь Ятсен өзінің жақтастарын Юань Шикайға қарсы “екінші революция” жасауға шақырды. Бірақ оның бұл үндеуі кең қолдауға жете алмады. 1913 жылы қазан айында Юань Шикай Қытай

Республикасының тұрақты президенті болды және оны батыс державалары мойындады. Қараша айында ол парламентті таратып, Гоминдан партиясының қызметіне тыйым салды. 1911 — 13 жылдардағы революция маньчжурлық монархиялық тәртіпті құлатып, басқарудың республикалық үлгісін құру міндетін жүзеге асырғанымен, елде Юань Шикай диктатурасының орнауына жол ашты.

## **2. Түркиядағы Ұлт – азаттық қозғалыс (1918 – 1923ж.ж.)**

I Бірінші дүние жүзілік соғыста түріктер Үштік Одақ жағында болып, жеңіліске ұшырады. Жеңген Антанта елдері Осман империясын басып алуымен қатар, жалпы Түркия мемлекетінің тәуелсіздігімен біртұтастығының сақталуына қауіп төндірді. Түрік халқы ұлт – азаттық қорғау жолындағы күреске көтерілді. Азаттық күресті Мұстафа Кемал Ататүрік басқарды. Ұлт азаттық қозғалыста 20 мың әскерлі көтерілісшілер – Измир, Анкара, Стамбул, Анталья қалаларын қамтыды, олардың мақсаты Түркияның әлем алдында тәуелсіздігін жариялау болды.

1922 жыл қыркүйек айында «Құқық қорғау қоғамы» - саяси ұйымға айналып, халық партиясы деп аталды. Бұл партия Түркияның этникалық шекараларын, тәуелсіздігі мен егемендігін сақтау, шет елдердің экономикалық және бақылау жүйесін жою істерін атқарды, 1922ж. 2-4 қазан айында Анкарада «Ұлы ұлттық МәжілісТүркия» - құрылып, басшысы Кемал сайланды. 1922 жылы 1 қарашада Түркияның Ұлы Ұлттық мәжілісі – елдегі Монархиялық билікті жойды. Соңғы түрік сұлтаны Мехмед IV тақтан түсірілді. 1923 ж. 29 қазанда Түркия Тәуелсіздік алып Республика болып жарияланды, алғашқы Президенті М.К.ататүрік болды.

Кемал Ататүріктің сыртқы саясаты – ең басты реформасы «алты жебе» деп аталды.

### **Бақылау сұрақтар мен тапсырмалар:**

1.БДС кейн Азия мен Африка елдерін бағаландар.

- 2.БДС кейін Түркияның жағдайын сипатта.
- 3.БДС кейін Үндістанның жағдайын сипатта.
- 4.БДС кейін Қытайдың жағдайын сипатта.

#### **Тақырып №4: КСРО-ны модернизациялаудың сталиндік жолы. (1928-39жж).**

##### **Жоспар:**

- 1) Ауыл шаруашылығын коллективтендіру**
- 2) КСРО-да тоталитарлық режимін орнату.**
- 3) Мемлекеттегі индустриаландыру мен ұжымдастыру саясаты.**

1. Ленин өмірінің соңғы жылдарында бар билікті қолына топтастыруға талпынған Сталиннің жеке басына сенімсіздік танытты. Ол Кеңестердің Бүкілодақтық 1-съезіне (1922 жылы желтоқсан) жолдаған хатында Сталинді орнынан ауыстыру жөнінде ойластыруды ұсынды. Алайда РК(б)П-ның 13-съезі (1924 жылы мамыр) Сталинді Бас хатшы етіп қалдыруды ұйғарды. Сталиннің басшылығымен ауыл шаруашылығын коллективтендіру қолға алынып, байлар мен кулактарды тап ретінде жою саясаты жүзеге (мал мүліктерін бөліске салу). Бұл халық арасында жасанды ашаршылық пен босқыншылықты туғызып, ауыл шаруашылығын коллективтендіруге қарсы шаруалар қозғалысының өрістеуіне алып келді. Сталин елде қуғын-сүргін саясатын жүргізіп, тоталитарлық жүйені қалыптастырды. Ұлттық интеллигенция өкілдерін “халық жаулары” ретінде қуғындауды күшейтті. “Халық жаулары” жазасын өтейтін лагерлердің санын арттырды. Одақтас республикалар мен ұлттық автономияларды саяси және экономикалық биліктен айырып, Кремльге тәуелді етті.

2. Тоталитарлық жүйенің орнауы. 1930-1950 жылдары кеңестік қоғамда орнаған саяси режим кезінде мемлекеттің жеке адам үстінен абсолюттік билігі орнады. Қазақстанда да барлық одақтағы сияқты, мемлекеттік билік бір партияның қолына жинақталды. Тоталитарлық режимнің өзіне тән белгісі экономикада мемлекеттік-партиялық билік белең алды. Меншіктің

мемлекеттік формасы Коммунистік партияға республиканың экономикалық, өмірін алдымен одақ мүддесіне сай құруға мүмкіндік әперді. Тоталитарлық мемлекеттік жүйеге тән рухани сала құндылықтарын қалыптастыру үшін Кеңес өкіметі алғашқы күндерден бастап мәдени революция міндеттерін шешумен айналысты. Халықтың санасезімін Коммунистік партия белгілеген идеологиялық ұстанымдармен сәйкестендіру әрекеті үздіксіз жүргізілді. Қазақстандағы білім беру жүйесі, ғылым және мәдениет мекемелері мемлекет пен партия тарапынан қатаң бақылауға алынды. Тоталитарлық жүйе халықтың қоғамдық, экономикалық және саяси өмірін шектеді. Қазақстанда қоғамдық құрылыстың тоталитарлық моделін бекіте түсу 20-30-жылдары үзіліссіз жүргізілген саяси қуғын-сүргін шараларына ұласты. Еңбекпен түзету лагерлері мен колониялары Бас басқармасы сол кездегі мемлекеттік жүйенің ажырағысыз бөлігіне айналды. Лагерлер мен колонияларға жабылған адамдар ақысыз жұмысшы табына айналды.

**3.** Индустрияландыру – ірі өнеркәсіпті, ең алдымен ауыр өнеркәсіпті құру және дамыту, ірі өнеркәсіптік өндіріс негізінде бүкіл халық шаруашылығын қайта құру. Индустрияландыру тек социалистік құрылысқа ғана тән кезең емес. Ол - елді жаңғыртудың міндетті шарты. 1920 жылы халық шаруашылығы салаларын машиналық техника базасына көшірудің кешенді бағдарламасы белгіленді. Сталин индустрияландыруға «КСРО-ны машина және жабдықтарды импорттаушы елден оларды өз күшімен өндіретін елге айналдыру» деген анықтама берді. Әңгіме ауыр және жеңіл өнеркәсіптің тиімді арақатынасы, қала мен деревняда қол жұмысын ығыстыру туралы болды. Тарихтағы ең алғашқы жоспарлы индустрияландыру бағдарламасын жаңа экономикалық саясатқа (ЖЭС) көшу жағдайында жүзеге асыру қажеттігі туды.

Индустрияландыруға қаржы табу мақсатымен мемлекет шаруаларды астығын рыноктық нарықтан арзан бағамен сатуға мәжбүрледі. Бұл міндетті орындаудан бас тартқандар қуғын-сүргінге ұшырады. 1928 жылдың

қазанынан 1929 жылдың желтоқсанына дейін 56 498 адам қылмыстық жазаға тартылып, 277 адам ату жазасына кесілді.

### **Бақылау сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Елдің индустриаландыру үдерісін сипатта.
2. Жаппай ұжымдастырудың ерекшелігі неде?
3. КСРО-да әкімшіл-әміршіл жүйенің құрылымының себептерін аш
4. Неге Сталин казармалық социализмді қалады?

**Тақырып №5:** Соғыстан кейінгі жылдардағы Еуропа және 20 жж қалыпқа келуі. 1929-1933 жж. дағдарыс

### **Жоспар:**

- 1) Жетекші батыс елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы сипаты
- 2) 1929-33 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс.
- 3) АҚШ-тың сыртқы саясаты
1. 1929 ж АҚШ капиталистік дүниедегі өнеркәсіп өнімінің 44% өндірді. Бұл Ұлыбритания, Францияны, Германияны, Италияны ж/е Жапонияны қоса алғандағынан көп еді. Ірі алып ауыттар АҚШ экономикасына бақылауды күшейтті. Пайданы үздіксіз өсімін ету үшін капиталистер өндіріске өнертапқыштықты енгізді.

Капитализм қойнауында терең экономикалық сілкіністердің жаңа алғышарттары пісіп келе жатты. Өнеркәсіптер жұмыс істемеді. Ауыл шаруашылығы дағдарысқа ұшырады. 1928ж сайлауда президент болып бұрынғы сауда министрі Гувер экономикалық дағдарыс бір жола жойылды деп сендірді.

2. 1929ж қазан айында Нью-Йорк биржасында күйреу экономикалық дағдарыстың басталғаны көрінді. АҚШ-ғы банктің 40% -ы банкротқа ұшырады. Оның себебі өнеркәсіптегі тоқыраудың тереңдей түсуі болды. 1932 ж 1919 ж қарағанда 50%-ға қысқарды. 13 млн адам жұмысынан айырылды. Өнеркәсіп ж/е қаржы жүйесіндегі тоқырау аграрлық саланы ұшықтырады. Ауыл шаруашылық өнімінің бағасы күрт төмендеді,



фермерлер күйзеліске ұшырады.1929-1932ж қарызын төлей алмағандықтан,897 ферма сатылды. Нәсілшілдер негрлерге қарсы террорды күшейтті.

1932ж қарашада АҚШ Президенті болып демократиялық партиядан кандидат, буржуазиялық либерал саясатшыл Франклин Делано Рузвельт (1882-1945ж.ж) сайланды.

Рузвельт ірі экономикалық, әлеуметтік ж/е саяси эксперимент жүргізді. Бұл америкалық ғалымдар арасынан «ми терісі» дегенді құрған үздік мамандарды іске таратуды талап етті.

«Жаңа бағыт» заңдылығындағы ұлттық өнеркәсіпті қалпына келтіру туралы заң маңызды орын алды. Монополистердің қатысуымен индустрияның барлық салалары үшін «адал бәсеке кодекстері» жасалады. Олар өндіріс көлемін, өнім бағасын, жалаңы мөлшерін белгілеп, тауар өткізетін рынокты реттеді. Қалпына келтірудің ұлттың әкімшілігі корпорациялардың дағ-тан аз шығынмен сытылып шығуын қамтамасыз ету болды.Конгресс Ауыл Шаруашылығын реттеу әкімшілігі құрылды. Ауыл Шаруашылық өнімдерінің бағасын көтеруге тырысқан ол егістік жерін ықшамдап, мал басын кеміткен фермерлерге ақшалай сыйлықтар берді.

1935 ж «жаңа бағыт» екінші кезеңі басталды. Әлеуметтік реформалар жүзеге асырылды, жұмысшы заңы жүзеге асты. Конгресс еңбек қатынастары туралы заң (Вагнер заңы) қабылдады. Ол заң жұмысшылардың кәсіподақтар ұйымдастырып кәсіпкерлермен ұғымдық шарт жасау құқығын бекітті. Елдегі екінші кәсіподақ орталығы-Өндірістік кәсіподақ конгресінің (ӨКК) құрылды. ӨКК одақтарына мамандығына қарамастан, сол өндірістің барлық жұмысшылары кірді.1937 ж АҚШ-ғы да экономикалық дағдарыс жайлады, одан тек ІІ дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін шықты.

### **3. АҚШ-тың сыртқы саясаты.**

АҚШ-тың халықаралық айқындамасын нығайтуды мақсат етті. АҚШ-тың билеуші топтары 16 жыл бойы КСРО-ны танымау саясатын

жүргізді. Бірақ Рузвельт ол саясаттан бас тартты. Кеңес мемлекетті өзінің өмір сүрген алғашқы куннен-ақ АҚШ-пен өзара пайдалы іскерлік қарым-қатынас орнатуды жақтады. 20 жылдары кеңес-американ саудасы ондағыдай дамыды. 1933ж карашада Кеңес Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды. Бұл акт екі ел халықтарының әбден жеткен, талап тілектерін, бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сай келді. Рузвельт Латын Америкасында «тату көрші» саясатын жүргізді. Солтүстік америка капиталын осы елдерге белсенді түрде енгізіп отырып, оларды Құрама Штаттарға тәуелді ету, одан өздерінің империалистік бәсекелестері-Ұлыбритания мен Германияны ығыстыру саясатын жүргізді.

#### **Бақылау сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. "Просперити" дегеніміз не? Американдық көркеюнің шынайы негіздерін атандар.
2. 1929-1933 жж. дүниежүзілік экономикалық дағдарысының себептерін атандар
3. Ф.Рузвельттің "Жаңа бағыт" саясатына сипаттама беріндер.
4. Германияда фашизмның пайда болу себептер

**Тақырып №6:** 30-шы жылдардағы халықаралық қатынас. Экономикалық дағдарыс жылдарындағы халықаралық қайшылықтардың шиеленісуі.

Жоспар:

- 1) Париж бітім конференциясы
  - 2) Версаль бітімі
  - 3) Вашингтон конференциясы
1. Париж бітім конференциясы Бірінші дүние жүзілік соғыстың қорытындылары бітім шарттарында көрсетілген. Оны жасау үшін жеңімпаз державалар Парижде конференцияға шақырылды. Ол 1919 жылғы 12 қаңтарда шақырылды. Бітім конференциясының жұмысына 32 мемлекеттің өкілдері қатысты. Бірақ іс жүзінде барлық маңызды мәселелерді " Төрттік

кеңес талқылады. Оның құрамына Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Италия кірді. Жеңген державалар билеуші таптарының мүддесіне сай келетін негізгі шешімдер тар шеңбердегі кеңестерді қабылдады. Оған АҚШ президенті Вудро Вильсон, Британ премьер-министрі Дэвид Ллойд Джордж және Француз басшысы Жорж Клемансо қатысты. Халықтың жағдайы антидемократиялық әдістермен, жариясыз жағдайда шешілді. Кеңестік Россия конференциясы шақырылды.

Ұлыбританияның көздеген - қарсыласы Германияның әлсіреуі және оның ұлы державалар қатарынан шығарылуы болатын. Африкадағы Германияның отарлары Англияның қолына көшті. Осман империясының Таяу шығыстағы иеліктеріне Германияның ықпалы жойылды. Германияның әлсіреуін құптаған Франция оны ұсақ мемлекеттерге бөлшектеу жоспарын ұсынды. Францияға Рейннің солтүстік жағалауы қайтарылды, Германия төлем ақы төледі.

**2.** Версаль бітімі. Герман делегациясы келісім шартқа қол қою үшін Парижге шақырылды. Бұл елмен жасаған келісім шарт Версаль бітімі деп аталады. 1919 жылы 28 маусымда Версаль сарайында болды. Бұл келісім шарт бойынша Германия басып алған батыстағы Эльзас пен Лотарингияны Францияға қайтарды. Саар облысы 15 жыл мерзімге Ұлттар Лигасы басқаратын болды. Бельгия Эйен және Мальмеди округтерін алды. Данияға Шлезвигтің солтүстік бөлігі берілді. Силезияның бір бөлігі Чехословияға кетті ал шығыста Германиядан Батыс Пруссияның ауқымды бөлігі Ломеранияның бір бөлігі мен Познань облысы Польшаға қайтарылды. Версаль бітімі шарт бойынша Германия аумағының 1/8 бөлігінен, халқының 1/12 бөлігінен және отарларынан айырылды. Германия жалдамалы негізде құралатын 100 мыңдық әскер ұстауға құқылы болды.

**3.** Вашингтон конференциясы. Тынық мұхиты және Қиыр Шығыс мәселелері бойынша шарттармен толықтыру қажет болды. Конференция 1921 жылы 11 қарашасынан 1922 жылдың 6 ақпан айына дейін өтті. Бұл конференцияда 9 елдің өкілдері қатысты (АҚШ, Англия, Франция,

Португалия, Қытай және басқа елдер). Конференцияда Ресей мен Қиыр Шығыс республикалары қатыспады. Вашингтон конференцияда теңіз қару жарақтарын қысқарту туралы шарт қабылдады және 35 мың тоннадан астам кемелер жасау тиым салынды. Сөйтіп АҚШ пен Англияның әскери теңіз флоты-бірінші орынға, Жапония-үшінші, Франция мен Италияның флоты-төртінші орынға қойылды. Америка делегациясы Қытайдың егемендігін және аумақтың тұтаслығын құрметтеп, барлық державалардағы Қытаймен өз қарым-қатынастарында ашық есік және тең мүмкіндік ұстанымдарын басшылыққа алуды ұсынды. Сонымен қатар, дүниежүзілік соғыста басып алған Шаньдун аралын Қытайға қайтарып берді. Жапония Жапон аралдарына 5 мың км жақын жерде әскери-теңіз базасы болмайтыны жөнінде АҚШ пен Англиядан міндеттеме алып, үлкен стратегиялық жеңіске жетті.

#### **Бақылау сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Неге 30-шы жылдарда халықаралық қатынастар асқынды?
2. Сол уақытта қандай әскери шығырлар болды?
4. Қашан кеңес республикасы ұлттық лигасына кірді?
5. Сол кезеңдегі КСРО-ның сыртқы саясатын сипатта

## **II Бөлім. Әлемдік қауымдастық 1939-1945жж**

### **Тақырып №7: II дүние жүзілік соғыс.**

#### **Жоспар:**

- 1) Екінші дүниежүзілік соғыстың басталу себептері
- 2) Германияның Польшаға баса көктеп кіруі
1. Бүкіл екінші дүниежүзілік соғыс жағдайын үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең - 1939 жылдың қыркүйегінен бастап 1942 жылдың маусым айларының аралығын қамтиды. Осы кезеңде соғыс жер шарының ең көп аумағын қамтыды. Басқыншылар елеулі табыстарға жетті. Герман армиясы Мәскеуге дейін келді. Екінші кезең - 1942 жылдың маусымынан 1944 жылдың қаңтар айларының аймағын қамтыды. Бұл кезеңде одақтас державалардың антифашистік коалициясы қалыптасты. Халықтың жүрегіне

фашизм мен милитаризмді жеңу талқандау сенімі ұялады. Ал соғыстың үшінші кезеңі -1944 жылдың қаңтарынан 1945 жылдың қыркүйек айына дейін созылды. Бұл кезең соғыстың жеңіспен аяқталып, герман фашизм мен жапон империализмнің жеңілуімен сипатталды.

2. 1939 жылдың қыркүйегінде Германия әскерлері Польшаға баса көктеп кірді. Польша елінің соғысқа дайын емес екендігі бірден байқалды. Батыс шекара бойында ешбір бекініс тараптары салынбағаны, әскер бөлімдерінің көпшілігі шығыс шекара бойында шоғырланғаны белгілі болды. Гитлер штабы Польшаға қарсы соғыс жоспарын 1939 жылдың дайындап, оны «Вайс» деп атады. Жоспар негізінде Польшаның қалалары мен селоларын тез арада қирату міндетін іске асыру жобаланды. Соғыс басталар алдында Герман жағы бірнеше рет «Польша шекараны бұзды» деген қауасет таратып, өз халқын да, басқа елдерді де алдамақ болды. 1939 жылдың 3 қыркүйегінде Франция мен Англия үкіметтері Германияға қарсы соғыс жариялады. Одақтастардың көмегі осымен тынды. Немістердің 56 дивизиясы Польша жеріне үш бағыттан басып кірді. Басқыншыларға қарсы ескі қару - жарағы бар 30 поляк дивизиясы қарсы тұрды. Неміс танктері 8 қыркүйек күні Варшаваға жетіп, астананың шеткі көшелеріне енді. Қала халқы мен поляк әскерлері бірігіп, неміс танкілерін қаладан шегіндіріп, Варшаваны ерлікпен қорғауға кірісті. Астананы қорғауда Польша коммунистері алдыңғы шепте болды. Варшава тұрғындары әрбір үйді, әрбір көшені аянбай қорғады, немістер қаланы жан - жақтан қоршап күндіз - түні бомбалап қаланы қорғаушылардың қарсылығын 20 күннен кейін ғана тойтарды. 28 қыркүйек күні Варшаваны немістер иеленді. Теңіз жағалауындағы Польшаның атты әскер бригадасы Гудериан танктерін қылыш пен найзаларын көтеріп қарсы шықты. Поляк жігіттерінің бірі де тірі қалмады. Олар оқтың астында қалды және танктермен тапталды. Бірақ бұл оқиға поляк халқының қабармандық нышаны болып тарихта сақталды.

### **Бақылау сұрақтар мен тапсырмалар:**

1.Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері қандай?

2. Қашан екінші дүниежүзілік соғыс басталды?
3. Екінші дүниежүзілік соғыстың сынық ара жүрісі қашан кетті?
4. Тегеранда, Қырымда және Потсдамда конференцияларда қандай мәселелер шешілді?

### **Тақырып №8: Ұлы Отан соғысы (1941-45жж).**

#### **Жоспар:**

- 1) Соғыстың басталуы, себептері
- 2) Германияның жеңіліске ұшырауы
  1. КСРО-ға шабуыл жасау үшін немістер «Солтүстік», «Орталық», «Оңтүстік» армия топтарын жасақтады. 1941 жылы 22- маусымда сеңбіден жексенбіге қараған түнде гитлерлік Германия шабуыл жасаспау туралы келісімшартты бұзып, КСРО-ға қарсы соғыс ашты. Немістер Каунас, Киев, Минск, Одесса, Севастополь және басқа қалаларға әуелден соққы берді. Майдан шебі Балтықтан Қара теңізге дейін созылып жатты. Германияның КСРО-ға шабуылы бастала салысымен, КСРО басшылары В.В. Молотов, И.В. Сталин өз сөздерінде бұл соғысты Отан соғысы деп атады. Барлық адамдар әскерге шақырыла бастады. 1942 ж.
    - 30 маусым Сталиннің төрағалық етуімен Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті құрылды. Соғыс уақытында бұл ұйым мемлекеттік бүкіл білікті өз қолына шоғырландырды. Гитлершілдер Литваны, Латвияны, Молдавияны, Эстония, Белоруссия, Украинаның едәуір жерін басып алды. РКФСР-ң батыс облыстарына баса көктеп кірді, Ленинградқа, Смоленскіге, Киевке қатер төнді. 1941 жылы жаз, күзде неміс әскерлері Мәскеуге, Ленинград пен Киевке енуіне кедергі жасай отырып, Кеңес жағы ауыр қорғаныс ұрыстарын жүргізді. 1942 жылы 19 қарашада алдын-ала жасалған жоспар бойынша Кеңес әскерлері Сталиниград түбінде үлкен шайқас бастады. 1943 жылы 5 шілдеде Курск доғасынан

өтіп, Днепрдің арғы жағына өту басталды. Енді кеңес әскерлері жеңе бастады.

2. 1944 жылы тамызында Кеңес Одағының барлық аумағы гитлерлік басқыншылардан азат етілді. Кеңес армиясы шығыс Еуропа елдерінің аумағын азат етуді бастады. Осыдан кейін Кеңес әскерлері одақтастар аумақтарын азат етуге қатыса бастады. Ал 1945 жылы 9 мамырында Германия тізе бүкті.

### **Бақылау сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Ұлы отан соғыстың түбінің күнісін ата.
2. Ұлы отан соғыстың бірінші айларында Қызыл әскердің ірі сәтсіздігінің себептерін ата.
3. Кеңес-германдық майданда 1941-1942 жылы болған ірі атыс-шабыстарды ата.
4. Европада соғыс қашан бітті. Ұлы отан соғыстың қорытындылары қандай?

### **III Бөлім. 1945 жылдан бастап XXI ғасыр бас кезеңіндегі әлемдік қауымдастық**

#### **Тақырып №9: 1945-1980 жж. КСРО.**

1956 ж. КОКП-ның XX съезі болды. Онда Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптап, оның зардаптарын жою туралы сөз етті.

КОКП-ның XX съезі мынадай міндеттерді алға қойды: өнеркәсіп өнімін өндіруді арттыру; ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту; өнеркәсіп саласына жеті сағаттық жұмыс енгізу; зейнетақы реформасын жүзеге асыру; тұрғын үйлер салудың қарқынын күшейту; өнеркәсіп саласыда кейбір капиталистік елдерді басып озу.

1957ж қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау істері жалғаса берді. Қалмақ, Шешен-Ингуш, Кабардин-Балқар, Қарашай-Черкес АКСР-лары қалпына келтірілді. Бірақ Сталин қуғын-сүргінге ұшыраған Еділ бойындағы немістер, қырым- татарлары, жер аударылған гректер, болгарлар, т.б. халықтар ресми түрде ақталған жоқ.

1989 ж. 14 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесі декларациясында халықтарды еріксіз жер аудару – ең ауыр кінә деп айыпталды.

1953 ж 5 наурызда Сталин қайтыс болды. Орнына Н.С.Хрущев келді. Ол 1964 ж. дейін КСРО-ны басқарды. XX съезінен кейін (1956 ж.) елдің ауыл шаруашылығы дами бастады.

Тың жерлер игерілді, Қазақстан 1 млрд пұт астық өткізді.

1963 ж наурызда КСРО Минстерлер Кеңесінің жанында КСРО халық шаруашылығын басқарудың Жоғарғы Кеңесі құрылды.

10 жыл басқарған Хрущевті 1964 ж қазанда орнынан алып тастап, Л.И.Брежнев келді. Саясатта демократиялық тәртіпті жеделдету басты мәселе болды. 1965 ж. экономикада, ауыл шаруашылығында реформа жүргізілді. Басында реформа ойдағыдай орындалды.

1960 жж. II жартысында мен 1988 жж. басында кеңес халқының өмір сүру деңгейі, өзгеру барысы қайшылықты сипатта болды.

Брежнев 1982 ж. қайтыс болып, басшылыққа Ю.В.Андропов келді. Бірақ 1984 ж. ол да қайтыс болды. Орнына Брежневтің ең жақын досы К.У.Черненко келді.

### **Бақылау сұрақтар мен тапсырмалар.**

- 1.ҰОС-нан кейін қандай шаралар халықтың шаруашылығының қалпына келтірілді?
- 2.Мемлекеттің Сталиннен кейінгі дамуының нұсқаларын ата.
- 3.60-80 жж. КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуын сипатта.

**Тақырып №10:** Солтүстік Америка және батыс Еуропа елдері XX ғасырдың екінші жартысында.

Ұлыбритания.

1945ж 5 шілдеде Ұлыбританияда кездескен парламент сайлауы өткізілді. Сайлау қарсаңында лейбористер өздерінің бағдарламалық ұстанымдарын тұжырымдаған еді. Олар экономикасы мемлекеттік реттеуді және кейбір өнеркәсіп салаларын мемлекет қарамағына алуды жақтады. Лейбористер демократиялық социализм орнататындықтарына уәде беріп маңызды әлеуметтік реформалар жасауға КСРО - мен достық



катынастарды сақтауға уәде берді. Жұмыссыздық берілетін жәрдем ақылар көбейтілді. Тегін денсаулық сақтау жүйесі енгізіліп, тұрғын үй құрылысы басталды. Лейбористердің сыртқы саясаты АҚШ саясатының ықпалымен жүріп жатты. К. Эттлидің үкіметі НАТО блогын құруды жақтап шықты. Бірақ лейбористік үкімет Үндістанның, Бирманың және Цейлонның тәуелсіздігін мойындауға мәжбүр болды.

Франция.

Патриоттардың алдында фашизмге қарсы, Францияны қайтадан қалпына келтіру үшін күресіп жатқан барлық саяси күштерді біріктірудің бірінші кезекте тұрған міндеті туды. Бұл үшін ең қолайлы тұлға генерал де Голь болды. 1943 ж. Де Голь *француз ұлт - азаттық комитеті* (ФҰАК) деген атпен уақытша үкіметтің міндеттерін атқаратын үкімет құрды. 1944 ж. маусымда Францияның Уақытша үкіметі деп жарияланды. Уақытша үкіметтің басшылығына келген де Голь мемлекетті қалпына келтіруге бағытталған бағдарламаны жүзеге асыруға кірісті. Германия. Соғыс аяқталған соң Германия төрт басшылық аймаққа бөлінді, үш батыс аймақта АҚШ-тың, Ұлыбританияның және Францияның әкімшіліктері болды, ал шығыс аймаққа - кеңес әскери әкімшілігі басшылық етті. Барлық басшы аймақтардағы қызметтерді үйлестіру үшін төрт жақты Бақылау кеңесі құрылды.

Елдің төрт басшылық аймаққа бөлінгеніне қарамастан, бірінші кезеңде барлық жеңімпаз мемлекет басшылары елдің бірлігін сақтауды жақтады. Бұл Бақылау кеңесінің де қызметтеріне әсер етті.

Басында барлық басып алған аймақтарда, Германияның барлық жерінде демократияны көздеген кәсіподақтар мен саяси партиялар құрылды. Бірақ кейіннен бұрынғы антигитлерлік Одақтастар бірлігі халықаралық мәселелерді шешуде және Германияның ішкі құрылысын реттеуде ойлары бір жерден шыққан жоқ.

**Бақылау сұрақтар мен тапсырмалар.**

1. "Абатшылықтың мемлекетінің" негізгі сипаттарын ата.

2. Соғыстан кейінгі Еуропаның дамуын туралы не айтуға болады?
3. Неге АҚШ соғыстан кейін әлемнің алдына шықты?
4. Ұлыбританияға, Францияға және ФРГ соғыстан кейінгі жағдайын қысқа сипаттап бер.

### **Тақырып №11: Орталық және Оңтүстік Шығыс Еуропа елдері.**

Фашизмді қирату барысында 1943-1945 жылдар аралығында Орталық және Оңтүстік Шығыс Еуропа елдерінде халықтық - демократиялық тәртіп орнатылды. Мұндай тәртіптің кезінде көппартиялық ұйымдарға жеңілдік берілгенімен, фашистік және реакциялық бағыттағы партиялардың әрекеттеріне тыйым салынды. Көппартиялардың қатарында коммунистік және жұмысшы партияларының рөлі басымырақ болды. Халықтық-демократиялық үкімет жеке меншік және кооперативтік кәсіпорындардың дамуына рұқсат бере отырып, мемлекеттік меншіктің дамуына кең жол ашты. Осы елдердегі кеңес әскерлерінің және КСРО-ның рухани қолдауына сүйеніп, коммунистік партиялардың әрекеттеріне тыйым салды.

Трумен доктринасы (1947 ж.) ірі державалар арасындағы әлемдік қожалыққа жол ашты. Қырғи қабақ соғыстың шиеленіскен жағдайында КСРО басшылары, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы компартияларына социализмге өтуді жылдамдату міндетін қойды. Саяси жүйедегі өзгерістер. «Қырғи қабақ соғыстың» қарсаңында Еуропа мен Азия шеңберіндегі 14 ел: ГДР, Польша, Чехословакия, Венгрия, Румыния, Болгария, Югославия, Албания, Қытай, Монғолия, КХДР, Вьетнам, Лаос, кейінірек Камбоджада-коммунистер билікке жетіп, социалистік құрылысқа кірісті. Бұл құрылыстың үлгісі ретінде КСРО-дағы тәжірибеге еліктеу болды. Социалистік елдердегі шаруашылық әрекет тәжірибесі «тоталитарлық социализм» құрылысының сталиндік жүйесін бекітті. Бұл жүйенің саяси тәртібі төмендегі құбылыстардың үстемдігін белгіледі:

- 1) көппартиялықты жою;

2) барлық билікті коммунистік партия аппаратымен біріккен атқару органдарына бағындыру

1970 жылдан бастап социалистік елдердің экономикалық жағдайы үздіксіз нашарлай бастады. 1970 жылдың барысындағы әлемдік жанармай-энергетикалық дағдарысы социалистік елдердің экономикалық дамуына қолайсыз әсер етті. Социализм елдерінде өндірілетін механизмдер мен заттардың майды, энергияны көп жұмсауы, сапасының әлсіздігі, әлемдік нарықтағы бәсекеге жарамады. Аграрлық сектордың әлсіздігі социалистік елдердің Еуропалық - экономикалық Бірлік одағына тәуелді болуына әкелді. Шығыс Еуропа елдеріндегі қоғамдық топтары өз жерлерінен Кеңес армиясы бөлімшелерін шығаруды талап етті. Шығыс Еуропа елдерінің қоғамдық пікірінде Батыс Еуропадағы экономикалық және саяси одақтармен жақындасу ойлары қалыптасты. 1989 жылы 9 қарашада Берлинді бөліп тұрған қабырға талқандалды. Батыс Германияға барушыларға кең жол ашылды. Нәтижесінде «қырғи қабақ соғыс» кезінде құрылған «темір перде» қирады.

### **Бақылау сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Орталық және Еуропаның елінің әлеуметтік-экономикалық дамуын мінезде.
2. Орталық және Оңтүстік Шығыс Еуропаның елінің саяси дамуына сипаттама беріндер .
3. Бұқарашыл революцияның себептерін орталық және Оңтүстік Шығыс Еуропаның елдерінде атандар.

### **Тақырып №12: Азия мен Африка елдері.**

#### **Жоспар:**

- 1) Африка елдерінің тәуелсіздікке ие болуы
  - 2) Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Үндістанның қоғамдық дамуы
1. 1960 жылы Африканың көп елі тәуелсіздік алды, барлығы Африкада 52 ел тәуелсіздік алды. Арабтың Африка - кейбіреуі Батыс елімен жақындасса

(Марокко, Тунис), Алжир, Ливия КСРО жолымен жүрді. 1958 жылы Біріккен Араб Республикасы құрылды, кейінен ол Египет Араб Республикасы деп аталды. Тропикалық Африка ең артта қалған ел, онда жартылай феодалды және тайпалық қалдық орын алды. Сыртқа шығаратын ауыл шаруашылық өндірісі аз. Мұнай Нигерияда, Габонда, мыс Заир мен Замбияда, чай мен кофе Кенияда, какао Кот-д-Ивуарде экспортқа шығарылады. Халықтың өсуі мен тамақ өндірісі сәйкес емес, елде ашаршылық орын алуда. Елдің шекарасы әлі жоқ, 13 ел мұхитпен байланысы жоқ. Елде тайпалық, туыстық бөліну - трайболизм орын алған, этникалық топтар арасында алауыздық көп, әрбір тайпа өз алдына мемлекет құрғысы келеді. Елдің дамуы төмен, басқа елдерге қарызы көп. Барлық күш сыртқа тауар шығару үшін пайдаланылады. "Үшінші дүние" елдерінде Африка елдері д.ж. қоғамдастықтың арқасында және олардың көмегі арқылы өмір сүруі мүмкін.

## 2. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Үндістанның қоғамдық дамуы.

Оңтүстік Азияда "Қырғи қабақ соғыс" әсері жүрген жоқ, бірақ екі ұлы держава, үлкен мемлекет Үндістан мен Пәкістан тарихта бір-бірімен жаһандық бақталастықта өтуде. 50 жыл бойы Үндістан КСРО мен жақындасса, Пәкістан батыспен байланыста болды. Екі елде өзінің ішкі дамуында модернизация бағытын алды, елде аралас экономика құрылды, аграрлық реформалар жүргізілді. Үндістанда Үнді Ұлттық Конгресс (ҮҮК) құрылып, оны М. Ганди басқарды, ел тәуелсіздік алды. Премьер-Министр Д. Неру елде тұрақты демократиялық даму жолына түсті. Ол федеративтік мемлекет (оның 25 штаты ұлттық-шекара принципі бойынша құрылған) және парламенттік басқару республикасы Үндістанда еш уақытта мемлекеттік төңкеріс болмаған. Не әскери қақтығыс болмаған ел, олар күш қолданбау саясатына қосылады. Үндістанда саяси өмірде бір семья басқарады: Д. Неру, оның қызы Индира Ганди және Раджив Ганди, олар 39 жыл ел басқарыпты. Көп ұлтты, көп халқы бар, әр түрлі құрамдас діни ағымдар, сауатсыз ауыл халқы бар Үндістан., Еуропалық демократиядан өзгеше. Ал Пәкістан 1979 ж ислам республикасы деп жарияланды. Үндістан діне қайшылыққа кездесе,

ол бірнеше мемлекет болып бөлініп кетуі мүмкін. Үндістанда діни ағымдар көп, мұсылмандар 11% Сикхи-Пенджаб штатында, христиандар Нагаленд пен Керала штатында тұрады, ал көбіне индустар қоғамы басым. 80-жылдары Сикхтар бөлек мемлекет боламыз деп, үкіметті өздеріне бағындыру үшін террор жасап, 1984 ж Индира Ганди қайтыс болды. Одан кейін Индус мемлекетін құру сөз болды. Тегінде, діни лозунгілер қазіргі Үндістанда барлық жерде қолдау табады. Үндістан тәуелсіз алған соң үлкен мемлекет болды. 80- жылдары Үдістанның өзі жер серігін ұшырды, "Жасыл революция" сырттан астық әкелуді тоқтатты.

Импорт алмастыру индустриясынан сыртқа өнеркәсіп өнімін шығаруға қол жеткізді. Үндістанда халықтың өсу: жоғары, Қытай сияқты халық өсімі азаймай отыр.

### **Бақылау сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Қашан отарлықтың жүйе ыдырады?
2. Қандай әдістер елдің даму экономикалық мәселесінің шешімі үшін қолданылды?
3. Дамыған елдерді қандай топтарға бөлуге болады?
4. ЕДС кейін Үндістанның дамуын сипаттандар.
5. ЕДС кейін Қытай туралы не айтуға болады?

### **Тақырып №13: Латын Америкасының елдері.**

#### **Жоспар:**

- 1) Соғыстан кейінгі жылдары Латын Америкасының экономикасы
- 2) Чилиде революциялық басқарудың жаңа түрін іске асыру
1. Соғыстан кейінгі жылдары Латын Америкасының республикалары экономиканы дамытуда белгілі табыстарға жетті. Аргентина, Бразилия, Мексика және Чили аграрлы-индустриялы елдерге айналды.

Кейіннен бұл елдердің қатарына Венесуэла және Колумбия қосылды. Перу, Эквадор, Боливия және Орталық Америка мен Кариб теңізі

алабындағы ұсақ елдер даму деңгейі, түрі бойынша екінші топтағы елдер қатарына жатты. Соғыстан кейінгі жылдарда Латын Америкасы елдерінің тарихы консерваторлық, реформистік және революциялық қоғамдық топтардың күресіне жол ашты. 1950-70 жж. негізгі көріністер Кубадағы және Чилидегі революциялар болды. 1959ж. 1-қаңтарда Кубада диктатура құлап, революциялық үкімет құрылды. Оны Ф.Кастро басқарды. Революция жеңгеннен кейін мемлекеттік ескі аппарат та жойылды. 1960 ж. АҚШ Кубамен барлық сауда-экономикалық қатынастарын үзіп, аралды экономикалық қоршауға алды. АҚШ-пен байланыстарды үзу, жағдайды қиындатты. Куба басшылары осы жылдан бастап, «коммунистік құрылысты» тездету әрекетіне көшті. Мемлекеттің үстемдігі күшейтілді. Барлық ұсақ, орташа жекеменшік өндірістік және сауда мекемелері мемлекеттік меншікке алынды. Ақшалы-тауар, нарықтық қатынастарға тыйым салынды.

2. 1970-73жж. Чилиде революциялық басқарудың жаңа түрін іске асыру әрекеті байқалды. 1970ж. елде Сальвадор Альенденің үкіметі құрылды. Бұл үкімет социалистік бағдарлама негізіндегі жаңалықтарға кірісті. 1973ж бұл үкімет құлатылып, Чилиде генерал Аугусто Пиночет басқарған әскери диктатура тәртібі орнатылды.

Дж. Кенеди бастаған АҚШ үкіметі 1961ж. «Даму жолындағы одақ» деп аталған бағдарлама негізінде жаңа саясат жүргізетінін мәлімдеді. Бағдарлама Латын Америкасы елдерінің экономикасы мен халқының тұрмыс дәрежесін 10 жыл мерзімінде көтеруді болжамдады. «Даму жолындағы одақ» бағдарламасының іске асуы барысында, шетел капиталының қолдау барысында Латын Америкасы елдерінің өндірістік дамуы жылдамдады.

### **Бақылау сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Латын Америкада әлеуметтік-экономиканың ерекшеліктері туралы айтындар.
2. Кубада революционерліктің сәтсіздік өзгерісі және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық дағдарысты немен түсіндіруге болады?

## **Тақырып №14: КСРО-ғы қайта құру кезеңі.**

### **Жоспар:**

1) М.С.Горбачевтің бас хатшы болып сайлануы.

2) М.С.Горбачевтің жеделдету бағыты

1. 1985 жыл наурызда К.Черненконың қазасынан кейін Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы болып М.С.Горбачев сайланды. М.С.Горбачев дүниежүзілік ахуалды бағалауда жаңа элементтер енгізді. Жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген сыртқы саясат бағытына бетбұрыс жарияланды. 1987ж қаңтарда жариялылық енгізу туралы шешім қабылданды. Күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарында айтыс-тартыс пікірлер күшейе түсті. Біртіндеп құқықтық мемлекеттің, адамзаттық қоғамның нормалары орныға түсті: азаматтардың, ерікті одақтардың, қозғалыстардың, партияларыңзаң шеңберінде бірігуге рұқсат берілді. 1980 жж. соңында экономика дағдарысқа ұшырады. 1985 ж қабылданған экономикалық дамуды жеделдету концепциясы дәрменсіздігін көрсетті. М.С.Горбачев тобының «жеделдету» және «қайта құруға» алған бағыты, алдымен экономика саласына, содан кейін КСРО-ның саяси қайта құрылымындағы өзгерістерге қатысты болды. Биліктің ескі топтық-әкімшілік жүйесінің сақталуы кезінде реформаға горбачевтік әрекет жасау сәтсіздікке ұшырады. Реформалар мұқият ұйымдастыру даярлығынсыз асығыс түрде өткізілді. Сондықтан КОКП-ң басшылықтан шеттетілуі елді басқарудан айырылуға, көппартиялық жүйенің қалыптасуна, ұлттық қозғалыстардың дамуына әкеліп соқты. 1990 ж маусымда РКФСР-ң мелекеттік егемендігі жарияланды. РКФСР-ң тәуелсіздігінің жариялануы КСРО-ны одан әрі әлсіретті. РКФСР-ң үлгісін алған Орталықтың нұсқауынан құтылуға ұмтыла отырып, басқа одақтас республикалар өз тәуелсіздігін жариялады.

2. М.С.Горбачевтің жеделдету бағыты әлеуметтік-экономикалық дамуды көздеп, 1987 ж. концепция ұсынылды. Халық шаруашылығын басқару құрылымын өзгерту, қысқа мерзім ішінде экономиканы көтеруге қол жеткізу, тоқырау құбылыстарын жеңу, кеңес адамдарының материалдық жағдайын

елеулі түрде жақсарту көзделді. Біртіндеп шағын кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар, бірлескен кәсіпорындар, комерциялық банктер туралы заңдар қабылданып, комерциялық құрылымдарды дамыту үшін негіз қаланды.

Бір депутаттық орынға бір ғана кандидатпен «комунистер мен партияда жоқтар» сайлау блогы жойылды. Сайлау бәсекелі өтетін болды. КСРО Конституциясынан КОКП-ң жетекшілік ролі туралы 6-бап алынып тасталды, бірыңғай КОКП жекелеген фракцияға бірігіп, КОКП қатарынан жаппай шығу басталды.

### **Бақылау сұрақтар мен тапсырмалар:**

- 1.Қайта құрылудың маңы неде?
- 2.Неліктен қайта құрылу мен және жылдамдық курсы сәтсіз болды?
- 3.Қандай себептер КСРО-ны ыдыратты?
- 4.ТМД-ның маңызын түсіндір.

**Тақырып №15:** XX ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық қатынас.

Қазіргі замандағы мәдениеттің дамуы. Қорытынды жалпылау.

КСРО Қытайды, Солтүстік Кореядағы және Вьетнамдағы комунистік қозғалыстарды қолдады. Өзара сенімсіздік пен идеологиялық тәртіп «қырғи қабақ соғысты» шиеленістіруде үлкен роль атқарды. «Қырғи қабақ соғыс» соғыстың соңында атом қаруы құпиясының иеленушісі болған АҚШ II дүниежүзілік соғыс нәтижелерін өз пайдасына шешу үшін «асыра ойнау» әрекетін жасады. «Қырғи қабақ соғыстың» хронологиялық шеңбері қырықыншы жылдардың екінші жартысынан, 80-жж. соңы мен 90-жж басына дейінгі халықтар қарым-қатынастардың даму кезеңін қамтиды.

II дүниежүзілік соғыс бойынша бұрынғы одақтастардың қарама-қарсылығы, бірден соғыс аяқталысымен герман мәселесін талқылауға кіріскен кезде-ақ байқалды. 1947ж көктемінде АҚШ, Англия, Франция өкілдері КСРО-мен бұрын келіскен шешімдерінен өздерінің бас тартатындықтары туралы мәлімдеді. Осы кезеңде АҚШ атом бомбасын иеленуде, содан кейін әскери техника мен қару-жарақтың жаңа түрлерін



дамытуда өзінің басымдылығын пайдалануға ұмтылды. «Қырғи қабақ» соғыс арнасында АҚШ пен Батыс елдері Германияның екі мемлекетке жіктелуін жүзеге асырды. Солтүстік Атлант пактісін құрды. Солтүстік Атлантикалық Одақ құру туралы келісімге 1949ж 4-сәуірде Вашингтонда қол қойылды. НАТО құрамына – АҚШ, Англия, Франция,Италия, Канада, Бельгия, Голландия, Португалия, Дания, Ногвегия, Испания, Люксембург кірді. Кейін оған Түркия, Грекия, ГФР т.б. елдер қосылды. 1959 ж қаңтарда Кубада диктаторлық режим құлатылды. Ф.Кастро бастаған революциялық өкімет орнатылды. Аграрлық реформа жөнінде, банктер мен өнеркәсіпті мемлекеттік меншікке алу туралы заң қабылданды. Барлық партиялар бір партияға, яғни Куба Комунистік партиясына бірікті. 1961 ж. Куба ревалюциясының «социалистік кезеңінің» басталуы туралы жарияланды.

Халықаралық лаңкестердің қимылдары «жанжалдар діни-мәдени, әдет-ғұрып, психологиялық айырмашылықтарынан туды» деген теорияның шығуына себепкер болды.Лаңкестікке жол бермеу ХХІ ғ. бас кезіндегі көпшіліктің мақсаты. Лаңкестіктің түрлері мен әдістері әр түрлі. Әсіресе ұйымдасқан топтар лаңкестігі мен мемлекеттік деңгейдегі лаңкестік өте қауіпті. Оған сүйенген фашистік Германия мен Италия, Жапония мен КСРО, Израиль мен Мао тұсындағы Қытай секілді елдерді атап өтуге болады. Арам ниетті пиғылдағылар бейбіт адамдар өміріне қастандықжасау, қоғамды, бұқара халықты қорқыту, үрей туғызу арқылы іске асыруға тырысқан ұйымдар мен мемлекеттердің тамырын үзуге барлық елдер жұмыла кірісуі қажет.

#### **Бақылау сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. "Қырғи қабақ соғыстың" себептерін атандар.
2. 50-60жж қандай әскери шатақтар болды?
3. ХХ-ХХІ ғасырдың соңында Халықаралық және аймақтық шатақтарды сипттап беріндер.
- 4.Бұқаралық мәдениеттің пайда болу себепін аш.
5. Мәдениеттің жаңа көріністерді сипатта.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ж.А.Кредер «Новейшая история XX века». Москва, 1995 ж.
2. С.С.Сороко-Цюпа «XX ғасырдағы әлем». Москва, 1996 ж.
3. А.А.Данилов, Л.Г. Косулина «Ресей тарихы. XX ғасыр» Москва, 1996 ж.
4. В.П.Дмитренко «История Отечества. XX век». Москва, 1997 ж.
5. Н.Верт «История Советского государства 1900-1991 г.г» Москва, 1992 ж.
6. Д.Волкогонов «Сталин: триумф и трагедия». Москва, 1989 ж.
7. Саясаттану. Энциклопедиялық сөздік. Алматы, 1999 ж.
8. Экономикалық сөздік. Москва, 1992 ж.
9. Родригес «Новейшая история зарубежных стран» 1-2 часть. Москва, 1998 ж.